EW6S4R06BI



KK	Кір жуғыш машина	Қолдану туралы нұсқаулары 2
RU	Стиральная машина	Инструкция по эксплуатации 41

Electrolux

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ..... 3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ..... 5
3. ОРНАТУ..... 6
4. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫ..... 10
5. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ..... 10
6. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ..... 11
7. ТЕТІКТЕР МЕН ТҮЙМЕЛЕР..... 13
8. БАҒДАРЛАМАЛАР..... 15
9. ПАРАМЕТРЛЕР..... 20
10. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА..... 21
11. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ..... 21
12. АҚЫЛ-КЕҢЕС..... 26
13. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ..... 27
14. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ..... 32
15. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ..... 36
16. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК..... 37
17. НЕГІЗГІ ЖЕЛІГЕ БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕ 37
18. ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ..... 38

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.
Electrolux әлеміне қош келдіңіз.
Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Пайдалану туралы ақпарат, кітапша, ақаулықты түзету, қызмет ақпаратын мына жерден алыңыз:
www.electrolux.com/webselfservice



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.registerelectrolux.com



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.
Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

⚠ Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты

ⓘ Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымдарға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы не құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе, онда қолдануына болады.
- 3 және 8 жас арасындағы балалар мен мүмкіндіктері өте шектеулі мүгедек адамдарды басқалар қадағаламаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үнемі қарап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- Жуғыш заттарды балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз.
- Құрылғыда бала қауіпсіздігінің құралы бар болса, оны қосу керек.
- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Бұл құрылғыны үйде немесе соған ұқсас жерлерде пайдалану керек, мысалы:
  - дүкендердің, кеңселердің және басқа жұмыс орындарының ас үйлерінде;
  - қонақ үй, мотель, төсек және таңғы ас қонақжайлары мен басқа резиденциялық жерлерде;
  - коммуналық пәтерлерде немесе кір жуатын жерлерде.
- Ең көбі 6кг салмақтан асырмаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Сыртқы қосылымнан су кіретін тұстағы судың жұмыс қысымы 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) аралығында болуы керек.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға кілем, төсеніш немесе еденнің қаптамасы кедергі жасамауға тиіс.
- Құрылғыны су желісіне жаңадан берілген түтік жинағын немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы берген басқа түтік жинағын қолданып қосу керек.
- Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Кез келген жөндеу жұмысын орындау алдында құрылғыны сөндіріп, ашаны розеткадан суырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және/немесе буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

Жергілікті стандарттарға сәйкес етіп орнату керек.

- Барлық орам материалдарын және тасымал болттарын, пластик тығыздағышы бар резеңке төлкесін алыңыз.
- Тасымал болттарын сенімді жерде сақтаңыз. Кейін құрылғыны көшірген кезде, ішкі бөліктеріне зақым келмеу үшін барабанды бекіту үшін оларды қайта салу керек.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғы орнатылатын еден тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуға тиіс.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғыны тұрғылықты орнына қойғаннан кейін, ватерпас арқылы деңгейінің әбден дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз. Деңгейі дұрыс болмаса, тіректерін тиісінше реттеңіз.
- Құрылғыны едендегі су ағатын арықшаның үстіне тура орнатпаңыз.
- Құрылғыға су шашпаңыз және шамадан тыс көп ылғалдың әсер етуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны құрылғының есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.
- Құрылғының астына ағып кетуі мүмкін суды құю үшін жабық сауыт қоймаңыз. Қолданылатын керек-жарақтың түрін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласып біліңіз.

2.2 Электртоғына қосу

ЕСКЕРТУ!
Өрт және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Техникалық ақпарат тақтасындағы параметрлердің негізгі қуатпен жабдықтау желісіндегі электр параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Бұл құрылғы E.E.C. ережелеріне сай келеді.

2.3 Суға қосу

- Су түтіктеріне зақым келтірмеңіз.
- Жаңа түтіктерді немесе ұзақ уақыт қолданылмаған түтіктерді орнату алдында, жөндеу жұмыстарын орындағаннан кейін немесе жаңа құралдарды орнатқаннан кейін (су өлшегіш құрал, т.б.) суды таза және тұнық су аққанша ағызыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында немесе бірінші рет қолданғаннан кейін ешбір су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Су құятын түтік тым қысқа болса ұзартқыш түтікті қолданбаңыз. Су

құятын түтікті ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Су төгетін түтіктен судың ағып тұрғанын көруге болады. Бұл құрылғыны зауытта суды пайдаланып сынақтан өткізгенге байланысты.
- Су төгетін түтікті ең көбі 400 см-ге ұзартуға болады. Басқа су төгетін түтік алу не оны ұзарту үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2.4 Пайдалану

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу, өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Жуғыш заттың орамындағы қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Кірден барлық темір заттардың алынғанына көз жеткізіңіз.
- Май немесе басқа да майлы заттар қатты ластаған маталарды жумаңыз. Бұл кір жуғыш машинаның резеңке бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұндай маталарды кір жуғыш машинаға салар алдында, алдын ала қолмен жуыңыз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде шыны есікті ұстамаңыз. Шыны ысып кетуі мүмкін.

2.5 Сервис

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек ғана фирмалық қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.

2.6 Құрылғыны тастау

ЕСКЕРТУ!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр және сумен жабдықтау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін ағытып алыңыз.
- Құрылғыны Ескірген электр және электроника құрылғыларын тастауға (WEEE) арналған жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.

3. ОРНАТУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

3.1 Қораптан шығару

1. Сыртқы орамын алыңыз. Қажет болса, кескішті пайдаланыңыз.



2. Үстіңгі жағындағы картон мен полистирол орам материалдарын алыңыз.





3. Есікті ашыңыз. Барабаннан барлық кірлерді алыңыз.



4. Алдыңғы полистирол орам элементін құрылғының артқы жағындағы еденге төсеңіз. Құрылғыны абайлап артқы жағымен еденге қойыңыз.



5. Астыңғы жағындағы полистирол төсемді алыңыз.

6. Құрылғыны қайта тіктеп қойыңыз. Қуат сымын және түтік ұстағыштағы су төгетін түтікті алыңыз.



ЕСКЕРТУ!
Су төгетін түтіктен судың ағып тұрғанын көруге болады. Бұл кір жуғыш машинаның зауытта сынақтан өткізілгенін көрсетеді.

7. Төрт тасымлдау болтын алып, пластик орын сақтағыштарын тартып шығарыңыз.



8. Пайдаланушы нұсқаулығы салынған қалтадағы пластик қақпақтармен тесіктерді бітеңіз.



Құрылғыны көшіргенде қолдану үшін орам материалдары мен тасымалдау болттарын сақтауды ұсынамыз.

3.2 Орнатуға қатысты ақпарат

Орналастыру және деңгейлеу

Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда дірілдемеу, шуыл шығармау не қозғалып кетпеу үшін оны дұрыс реттеңіз.

1. Құрылғыны тегіс, қатты еденге орнатыңыз. Құрылғыны деңгейлеп және орнықты етіп орнату керек. Құрылғы қабырғаға немесе басқа құрылғыларға тимейтін және астыңғы жағында ауа алмасуға мүмкіндік барын тексеріңіз.

2. Деңгейін реттеу үшін тіректерін босатыңыз немесе қатайтыңыз. Барлық тіректері орнықты тұруы керек.

ЕСКЕРТУ!
Құрылғының деңгейін реттеу үшін оның тіректерінің астына картон, ағаш немесе сол сияқты заттарды қоймаңыз.

Су құятын түтік

АБАЙЛАҢЫЗ
Түтіктерге ешбір зақым келмегенін және қосылымдардан ешбір су ақпай тұрғанын тексеріңіз. Су құятын түтік тым қысқа болса ұзартқыш түтікті қолданбаңыз. Су құятын түтікті ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1. Су құятын түтікті құрылғының артқы жағына жалғаңыз.



2. Су кранының орналасуына қарай, түтікті оңға немесе солға бағыттаңыз. Су құятын түтіктің тік қалыпта тұрмағанына көз жеткізіңіз.

3. Қажет болса, дұрыс орынға қою үшін гайканы босатыңыз.

4. Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар суық су кранына жалғаңыз.

Су төгу

Су төгетін түтік 60 см-ден кем емес және 100 см-ден аспайтын биіктікте тұруы керек.

Су төгетін түтікті ең көбі 400 см-ге ұзартуға болады. Басқа су төгетін түтік алу не оны ұзарту үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Су төгетін түтікті әр түрлі жолмен жалғауға болады:

1. Су төгетін түтікті U пішініне келтіріп, оны пластик түтік бағыттағыштың айналасына қойыңыз.



2. Раковинаның шетіне - Бағыттағышты су кранына немесе қабырғаға бекітіңіз.



Құрылғының суы төгіліп тұрғанда пластик бағыттағыштың жылжымайтынын және су төгетін түтіктің суға батырылып тұрмағанын тексеріңіз. Құрылғыға лас су кері құйылып кетуі мүмкін.

3. Су төгетін түтіктің ұшы осындай болса (суретке қараңыз), оны тік құбырға тура итеріп киргізуге болады.



4. Ауа алмасатын тесігі бар тік құбыр - Су төгетін түтікті су төгетін құбырға тура киргізіңіз. Суретке қараңыз.



Су төгетін түтіктің ұшы әрқашан желдетіліп тұруға тиіс, яғни ақаба су құбырының ішкі диаметрі (мин. 38 мм - мин. 1,5”), су төгетін түтіктің сыртқы диаметрінен үлкен болуға тиіс.

5. Пластик бағыттауышсыз, раковина төлкесіне жалғау- Су төгетін түтікті төлкеге жалғап, қапсырмамен қатайтыңыз. Суретке қараңыз.



Раковинадағы жуынды заттар құрылғыға кері құйылмас үшін, су төгетін түтіктің имек жасап жалғануын қамтамасыз етіңіз.

6. Бөлменің қабырғасына кіріктірілген ақаба су құбырына тура жалғап, қапсырмамен бекітіңіз.



4. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫ

4.1 Орнатуға арналған жинақ (4055171146)

Керек-жарақтармен бірге берілген нұсқаулықты мұқият оқыңыз.

Уәкілетті дилерден алуға болады.

Егер құрылғыны плинтусқа орнатсаңыз, құрылғыны орнату тақтайшасына бекіту керек.

4.2 Бұған www.electrolux.com/shop немесе уәкілетті дилер арқылы қол жеткізуге болады

Тек ELECTROLUX рұқсат еткен керек-жарақтар ғана құрылғының қауіпсіздік стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді. Рұқсат етілмеген бөлшектер қолданылса, түскен шағымдар жарамсыз болып есептеледі.

5. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

5.1 Құрылғының жалпы көрінісі



1 Жұмыс тақтасы
2 Жуғыш зат үлестіргіші
3 Басқару панелі
4 Есіктің тұтқасы
5 Техникалық ақпарат тақтайшасы
6 Су төгетін сорғының сүзгісі
7 Құрылғыны деңгейлеуге арналған тіректер
8 Су төгетін түтік
9 Су құятын түтік қосылымы
10 Қорек сымы
11 Тасымал тетіктері
12 Түтік тірегіш

6. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

6.1 Арнайы функциялары

Жаңа құрылғыңыз су мен қуатты, жуғыш затты аз мөлшерде тұтынады және кірді аса тиімді түрде жуу мен кептіруге қойылатын заманауи талаптардың барлығына сай келеді.

- **SensiCare жүйесі** барабан ішіндегі кірді барынша жақсы жуып, уақытты барынша аз жұмсау үшін бағдарламаның уақытын кірге автоматты түрде сәйкес келтіреді.

6.2 Басқару панелінің сипаттамасы



1. Бағдарлама тетігі
2. Дисплей
3. Отсрочка старта түймешігін басыңыз
4. Time Manager түймешігін басыңыз
5. Старт/Пауза түймешікті басу ▷||
6. +Мягкость түймешігін басыңыз
7. +Полоскание түймешігін басыңыз
8. Предв. стирка түймешігін басыңыз
9. Отжим азайту опцияларының сенсорлық түймесі
   - Айналдырмау опциясы
   - Шаюды кідірту опциясы
   - Тихо опциясы
10. Темп. түймешігін басыңыз
11. Вкл/Выкл батырма түйме

6.3 Дисплей



A		Есік құлыптаулы индикаторы.
B		Кешіктіріп бастау индикаторы.
C	0:00	Сандық индикатор мынаны көрсетеді: • Бағдарлама уақыты (мысалы, 2:40). • Кешіктіру уақыты (мысалы, 2h). • Цикл соңы (0:00). • Ескерту коды (мысалы, E20).
D	-----	Уақыт операторы жолағының деңгей көрсеткіші.
E		Барабанды тазалау индикаторы.
F		Бала қауіпсіздігінің индикаторы.
G		Кір қосып салу индикаторы. Жуу циклы басталғанда жанады, бұл кезде пайдаланушы құрылғыны кідіртіп, кір қосып салуына болады.

7. ТЕТІКТЕР МЕН ТҮЙМЕЛЕР

7.1 Кіріспе

Опциялар/функциялар кей жуу бағдарламаларында қолжетімсіз. Опциялар/функциялар мен жуу бағдарламаларының өзара үйлесімділігін "Бағдарлама кестесінен" қараңыз. Опциялар/функциялар басқа функциялармен үйлеспеуі мүмкін, мұндай жағдайда құрылғы үйлеспейтін опциялар/функцияларды орнатуға рұқсат бермейді.

7.2 Вкл/Выкл

Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін осы түймені бірнеше секунд басыңыз. Құрылғыны қосу немесе сөндіру кезінде екі түрлі дыбыс естіледі.

Қуатты үнемдеу үшін Күте тұру режимі құрылғыны бірнеше минуттан кейін автоматты түрде сөндіретіндіктен, құрылғыны қайта қосу керек болуы мүмкін.

Қосымша ақпаратты Күнделікті пайдалану тарауындағы Күте тұру тармағынан қараңыз.

7.3 Темп.

Жуу бағдарламасын таңдалған кезде құрылғы автоматты түрде әдепкі температураны ұсынады.

Суық индикаторы = суық су.

Орнатылған температураның индикаторы жанады.

7.4 Отжим

Бағдарламаны орнатқан кезде құрылғы Деним бағдарламасынан басқа бағдарламалар үшін автоматты түрде ең үлкен рұқсат етілген айналдыру жылдамдығын орнатады.

Қосымша айналдыру параметрлері:

- **Айналдырмау** . Тиісті индикатор жанады.
  Барлық айналдыру циклдарын болдырмау үшін осы функцияны орнатыңыз. Құрылғы тек таңдалған жуу бағдарламасының ғана су төгу циклын орындайды. Бұл функцияны өте нәзік маталар үшін орнатыңыз. Кей жуу бағдарламаларында шаю циклы көп су пайдаланады
- **Шаюды кідірту** . Тиісті индикатор жанады.
  Соңғы шаю циклы орындалмайды. Соңғы шаю циклінің суы, киімдер қыжымданып қалмас үшін төгілмейді. Жуу бағдарламасы аяқталғанда барабан ішінде су қалады.
  Есік құлыптаулы тұрады және барабан кірдің қыжымдануын азайту үшін шайқайды. Есікті ашу үшін суды төгу керек.
  Старт/Пауза түймесін бассаңыз, құрылғы айналдыру циклын орындайды және суды төгеді.
- **Тихо** . Тиісті индикатор жанады.
  Ортаңғы және соңғы шаю циклддары болдырылмайды және бағдарлама аяқталғанда ішінде су тұрады. Бұл кірдің қыжымдануын азайтады. Есік құлипталып тұрады. Мыжылуды азайту үшін барабан мезгіл-мезгіл айналады. Есікті ашу үшін суды төгу керек.
  Бағдарлама өте шуылсыз болғандықтан, электр тарифтері арзандау түнгі уақыттарда қолдануға өте ыңғайлы. Кейбір бағдарламаларда шаю циклдарына көбірек су пайдаланылады.
  Старт/Пауза түймесін бассаңыз құрылғы тек су төгу циклын ғана орындайды.

  Құрылғы суды шамамен 18 сағаттан кейін автоматты түрде төгеді.

7.5 Предв. стирка

Осы параметрдің көмегімен жуу бағдарламасына алдын ала жуу циклын қосуға болады.

Тиісті индикатор жанады.

- Жуу циклінен бұрын 30 °C градуспен алдын ала жуу циклін қосу үшін осы опцияны қолданыңыз.
  Бұл опция қатты ластанған кірлер үшін ұсынылады, мысалы, құм, шаң және басқа қатты заттармен ластанған.

Бұл опциялар бағдарламаның уақытын ұзартады.

7.6 Тұрақты +Полоскание

Бұл опцияның көмегімен таңдалған жуу бағдарламасына сай бірнеше шаю циклын қосуға болады.

Бұл циклды жуғыш заттардың қалдықтарына аллергиясы бар және терісі сезімтал адамдар үшін пайдаланыңыз.

Бұл функция бағдарламаның уақытын ұзартады.

Сенсорлық түйменің үстіндегі тиісті индикатор жыпылықтап, осы опция сөндірілгенше келесі циклдар бойы тұрақты қосылып тұрады.

7.7 Тұрақты +Мягкость

Бұл опцияны матаның жұмсақтығын арттыру үшін мата жұмсартқышты ұтымды тарату үшін орнатыңыз.

Мата жұмсартқышты пайдаланған кезде қолдануды ұсынамыз.

Бұл функция бағдарламаның уақытын ұзартады.

Сенсорлық түйменің үстіндегі тиісті индикатор жыпылықтап, осы опция сөндірілгенше келесі циклдар бойы тұрақты қосылып тұрады.

7.8 Отсрочка старта

Осы опцияның көмегімен бағдарлама басталатын уақытты ыңғайлы уақытқа дейін шегеруге болады.

Қажетті кешіктіріп бастау циклын орнату үшін түймені бірнеше рет басыңыз. Уақыт 1 сағаттан 20 сағатқа дейін артады.

Дисплейде ⏲ индикаторы мен таңдалған кешіктіріп аяқтау уақыты пайда болады. Старт/Пауза ▷‖ Түймесін басқаннан кейін құрылғы кері санақты бастайды және есік құлыпталады.

7.9 Time Manager

Осы опцияның көмегімен кірдің мөлшері мен қаншалықты ластанғанына қарай бағдарлама уақытын қысқартуға болады.

Жуу бағдарламасын орнатқан кезде бейнебетте әдепкі уақыт көрсетіледі және ––––– жыпылықтайды.

Бағдарлама уақытын қажетіңізге сай азайту үшін Time Manager түймесін басыңыз. Дисплейде бағдарламаның жаңа уақыты пайда болады және сызықтар саны тиісінше азаяды:

–––– қалыпты ластанған кірлерді толтыра салған кезде қолдануға арналған.

––– - шамалы ластанған кірлерді толтыра салғанда пайдалануға арналған жылдам цикл.

–– - шамалы ластанған кірді аз салғанда қолданылатын өте жылдам бағдарлама (макс. жартылай толтыру керек).

– - аз кірді жаңартуға арналған ең қысқа цикл.

Time Manager функциясы кестеде көрсетілген бағдарламаларда ғана жұмыс істейді.

индикатор	Хлопок	Хлопок Эко	Синтетика
––––– 1)	■	■	■
––––	■	■	■
–––	■	■	■
––	■	■	■

индикатор	Хлопок	Хлопок Эко	Синтетика
–	■	■	■

1) Барлық бағдарламаларға арналған әдепкі ұзақтық.

7.10 Старт/Пауза ▷‖

Құрылғыны іске қосу, кідірту не қосылып тұрған бағдарламаны кідірту үшін Старт/Пауза ▷‖ түймесін басыңыз.

8. БАҒДАРЛАМАЛАР

8.1 Бағдарлама кестесі

Бағдарлама Әдепкі температура Температура ауқымы	Базалық айналдыру жылдамдығы Айналдыру жылдамдығының ауқымы [мин/айн]	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Хлопок 40 °C 90 °C - Суық	1000 мин/айн (1000-400)	6 кг	**Ақ және түрлі-түсті мақта мата**. Қалыпты немесе қатты кірлеген.
Хлопок Эко 1) 40 °C 60 °C - 40 °C	1000 мин/айн (1000-400)	6 кг	**Ақ және бояуы қанық мақта мата**. Қалыпты кірлеген. Қуатты пайдалану азаяды және жуу бағдарламасының уақыты ұзарады және жақсы жуу нәтижелерімен қамтамасыз етеді.
Синтетика 40 °C 60 °C - Суық	1000 мин/айн (1000 - 400)	3 кг	**Синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар**. Қалыпты кірлеген.

Бағдарлама Әдепкі температура Температура ауқымы	Базалық айналдыру жылдамдығы Айналдыру жылдамдығының ауқымы [мин/айн]	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Тонкие ткани 30 °C 40 °C - Суық	1000 мин/айн (1000-400)	1 кг	**Баппен жууды қажет ететін акрил, вискоза және аралас маталарға арналған**. Қалыпты кірлеген.
Быстрая 14 мин 30 °C	800 мин/айн (800- 400)	1 кг	**Синтетика және аралас мата** заттар. Шамалы кірлеген және жаңартуды қажет ететін заттар.
Полоскание	1000 мин/айн (1000-400)	6 кг	**Барлық маталар, жүн мата мен өте нәзік матадан басқа.** Кірді шаятын және айналдыратын бағдарлама. Мақта мата бағдарламалар үшін орнатылған әдепкі айналдыру жылдамдығы қолданылады. Айналдыру жылдамдығын матаның түріне қарай азайтыңыз. Қажет болса, қосымша шаю үшін +Полоскание опциясын қолданыңыз. Айналдыру жылдамдығы төмен болған кезде, құрылғы баппен шаяды және қысқа айналдырады.
Слив/Отжим	1000 мин/айн (1000 -400)	6 кг	**Жүн мата мен өте нәзік маталардан басқа барлық маталар**. Кірді айналдыруға және барабандағы суды төгуге арналған.
Анти-Аллергия 60 °C	1000 мин/айн (1000 - 400)	6 кг	**Ақ мақта мата заттар**. Бұл бағдарлама 60°C градустан асатын температураны бірнеше минут ұстап жуатын бағдарламаның арқасында микроағзаларды жояды. Бұл бактерияларды, микроағзаларды және бөлшектерді жоюға көмектеседі. Бу мен қосымша шаю циклы бірігіп, жуғыш заттардың қалдықтарын және тозаңдарды/аллергендерді дұрыс арылтып, киімдерді сезімтал, әрі нәзік терілерге лайық етіп жуады.

Бағдарлама Әдепкі температура Температура ауқымы	**Базалық айналдыру жылдамдығы Айналдыру жылдамдығының ауқымы [мин/айн]**	**Ең үлкен салмақ**	**Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)**
Детское бельё 40 °C 40 °C - Суық	1000 мин/айн (1000 - 400)	1 кг	Баппен жуатын циклдар баланың киімдерін жууға жарамды. Су деңгейінің жоғары болуы және жуу фазасында баппен шайқау - киімдердің түсі мен талшықтарын қорғайды.
Шелк 30 °C	800 мин/айн (800 - 400)	1 кг	**Жібек мата және аралас синтетика заттарға арналған** арнайы бағдарлама.
Шерсть 40 °C 40 °C - Суық	1000 мин/айн (1000- 400)	1 кг	**Машинамен жууға болатын жүн маталар және қолмен жууға болатын** «Қолмен жуу» белгісі бар маталар және жүн маталар[2)].
Спорт 30 °C 40 °C - Суық	1000 мин/айн (1000 - 400)	3 кг	**Спортқа арналған аралас мата**. Шамалы кірлеген немесе жаңартуды ғана қажет ететін заттар.

Бағдарлама Әдепкі температура Температура ауқымы	Базалық айналдыру жылдамдығы Айналдыру жылдамдығының ауқымы [мин/айн]	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Куртки 30 °C 40 °C - Суық	1000 мин/айн (1000-400)	1,5 кг[3)] 1 кг[4)]	Мата жұмсартқыштарды пайдаланбаңыз және жуғыш зат үлестіргіштен мата жұмсартқыштың қалмағанын тексеріңіз. **Синтетика спорт заттар.** Бұл бағдарлама дала спортына арналған соңғы үлгінің киімдерін баппен жууға және фитнес залы, велосипед тебу не жүгіруге не сол сияқты киімдерді жууға арналған. Кірдің ұсынылатын салмағы 1,5 кг. **Су өткізбейтін, су өткізбейтін, әрі ауа өткізетін және суды сіңірмейтін маталар.** Бұл бағдарламаны сонымен қатар, суға төзімсіз маталардың суын арылту циклы үшін қолдануға болады. Суды арылту циклын орындау үшін мына әрекетті орындаңыз: • Жуғыш затты II бөлігіне салыңыз. • Арнайы су арылтатын затты тартпасының мата жұмсартқышқа арналған бөлігіне салыңыз. • Кірдің салмағын 1кг-ға дейін азайтыңыз. Суды арылту әрекетін бұдан әрі қарай тағы да жақсарта түсу үшін, кірді Куртки бағдарламасын орнату (егер бар болса және киімнің нұсқауында кептіруге болатыны көрсетілсе) арқылы кір кептіргішке салып кептіріңіз.

Бағдарлама Әдепкі температура Температура ауқымы	Базалық айналдыру жылдамдығы Айналдыру жылдамдығының ауқымы [мин/айн]	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Деним 30 °C 40 °C - Суық	800 мин/айн (1000 - 400)	1,5 кг	**Бояуын кетірмей, дақ қалдырмай жуатын, Джинс киімдерге арналған арнайы бағдарлама**. Жақсы күтім көрсету үшін салмақты азайту ұсынылады.

1) Бұл бағдарлама 6 кг кірді 60 °C градуста жуатын GOST R IEC 60456:2010 стандартына сәйкес дайындалған қуат жапсырмасындағы деректерге сәйкес келеді.

2) Осы цикл кезінде кірді баппен жуу үшін барабан баяу айналады. Барабан айналмай тұрған сияқты немесе дұрыс айналмай тұрған сияқты көрінуі мүмкін, бірақ бұл осы бағдарлама үшін қалыпты жағдай

3) Жуу бағдарламалары.

4) Жуу бағдарламасы және суға төзімді ету циклы.

Бағдарлама опцияларының үйлесімділігі

Бағдарлама	Отжим				Предв. стирка	+Полоскание	+Мягкость	Отсрочка старта	Time Manager
Хлопок	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Хлопок Эко	■	■	■		■	■	■	■	■
Синтетика	■	■	■	■	■	■	■	■	■
Тонкие ткани	■	■	■	■		■	■	■	
Быстрая 14 мин	■	■	■					■	
Полоскание	■	■	■			■		■	
Слив/Отжим	■	■						■	
Анти-Аллергия	■	■	■		■	■	■	■	
Детское бельё	■	■	■		■	■	■	■	
Шелк	■	■						■	

Бағдарлама	Отжим				Предв. стирка	+Полоскание	+Мягкость	Отсрочка старта	Time Manager
Шерсть	■	■	■					■	
Спорт	■	■	■		■	■		■	
Куртки	■	■	■			■		■	
Деним	■	■	■	■		■	■	■	

8.2 Woolmark Apparel Care - Көк



Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны жуу бағдарламасын сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, осы кір жуғыш машинаны өндірушінің нұсқауларын сақтап жуу керек. Киімді кептіру және оған күтім көрсетуге қатысты басқа нұсқауларды киімге күтім көрсету белгісінен қараңыз. M1459 Woolmark белгісі көп елдерде сертификатталған белгі болып табылады.

9. ПАРАМЕТРЛЕР

9.1 Дыбыстық сигналдар

Құрылғының мына жағдайларда қосылатын әр түрлі дыбыстық сигналдары бар:

- Құрылғыны қосасыз (арнайы қысқа сигнал).
- Құрылғыны сөндіресіз (арнайы қысқа сигнал).
- Түймелерді түрткенде (сырт еткен дыбыс).
- Жарамсыз параметрді таңдағанда (3 қысқа сигнал).
- Бағдарлама аяқталғанда (шамамен 2 минут естілетін дыбыстар тізбегі).
- Құрылғыда ақау бар (шамамен 5 минут бойы естілетін қысқа дыбыстар тізбегі).

Бағдарлама аяқталғанда дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін Темп. және Отжим түймелерін шамамен 2 секунд қатар басыңыз. Бейнебетте On/Off көрсетіледі

Дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар құрылғыда ақау пайда болған кезде қосыла береді.

9.2 Функция «Защита от детей»

Осы опцияның көмегімен балалар басқару панелімен ойнауға жол бермейсіз.

- Осы опцияны **қосу/сөндіру** үшін +Мягкость түймені дисплейде **жанып/сөнгенше** басыңыз.

Құрылғыны сөндіргеннен кейін осы опция әдепкі болып сақталып қалады.

Бала қауіпсіздігінің функциясы құрылғыны қосқаннан кейін бірнеше секунд қолжетімсіз болып тұруы мүмкін.

10. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА

1. Электр қуаты бар екенін, су кранының ашық екенін тексеріңіз.
2. 2 литр суды **2** таңбасымен белгіленген бөлікке құйыңыз.

Бұл әрекет су төгу жүйесін іске қосады.

3. Мына **2** таңба салынған бөлікке шамалы су құйыңыз.
4. Мақта матаға арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары температураға қойып ешбір кір салмай жуыңыз.

Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

11. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 Құрылғыны іске қосу

1. Ашаны розеткаға қосыңыз.
2. Су құятын шүмекті ашыңыз.
3. Құрылғыны қосу үшін Вкл/Выкл түймешігін бірнеше секунд басыңыз.

Қысқа дыбыстық сигнал естіледі.

11.2 Кірді салу

1. Құрылғының есігін ашыңыз.
2. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.
3. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.

Барабанға өте көп кір салмаңыз.

4. Есікті нығыздап жабыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ
Су төгіліп не кірге зақым келмес үшін тұмшалағыш пен есіктің арасына кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Қатты майланған, май дақтары бар затты жуғанда, кір жуғыш машинаның резеңке бөліктеріне зақым келуі мүмкін.

11.3 Жуғыш зат пен үстемелерді пайдалану

1. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.

2. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты бөліктерге салыңыз.
3. Жуғыш зат үлестіргішті абайлап жабыңыз



АБАЙЛАҢЫЗ
Кір жуғыш машинаға арнайы жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

1	Алдын ала жуу немесе жібіту бағдарламаларына арналған жуғыш зат салынатын бөліктер (егер бар болса). Алдын ала жуу және жібіту циклдарына арналған жуғыш затты бағдарламаны бастамай тұрып салыңыз.
2	Жуу циклына арналған жуғыш зат бөлігі. Сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, оны бағдарламаны бастаудың сәл алдында ғана салыңыз.
	Сұйық үстемелерге арналған бөлік (мата жұмсартқыш, крахмал). Жуғыш құралды бағдарламаны бастамай тұрып бөлікке салыңыз.

Жуу циклынан кейін, егер қажет болса, жуғыш зат үлестіргіште қалған жуғыш затты тазалаңыз.

11.4 Жуғыш зат бөлгіштің орнын ауыстыру

1. Жуғыш зат диспенсерін алыңыз. Жуғыш зат бөлгіштің **A** қалпы **ұнтақ жуғыш** затқа (зауыттық параметр) арналған.



2. **Сұйық жуғыш затты/қоспаны немесе ағартқышты пайдалану үшін:** Жуғыш зат бөлгішті **A** қалпынан алып, **B** қалпына салыңыз.



Жуғыш зат бөлгіштің артқы бөліктегі **B** қалпы ұнтақ жуғыш затқа арналған және алдыңғы бөліктегі сұйық жуғыш/қоспа немесе ағартқышқа арналған.

3. **Сұйық жуғыш затты пайдалану үшін:** Жуғыш зат бөлгішті **C** қалпына қойыңыз.



- Қоймалжың немесе қою сұйық жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Сұйық жуғыш затты көрсетілген макс. шамадан асырмаңыз.
- Алдын ала жуу циклын орнатпаңыз.
- Кешіктіріп бастау функциясын орнатпаңыз.

4. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алып, жуғыш зат диспенсерін абайлап жабыңыз.



Бөлгіштің дұрыс салынғанына және тартпаны жапқан кезде ешбір бөгет жасамайтынына көз жеткізіңіз.

11.5 Бағдарламаны орнату

1. Қажетті жуу бағдарламасын таңдау үшін бағдарлама таңдау тетігін бұраңыз.

Старт/Пауза ▷‖ түймешігінің индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде бағдарламаның болжалды ұзақтығы көрсетіледі.

2. Температураны және/немесе айналдыру жылдамдығын өзгерту үшін тиісті түймелерді басыңыз.
3. Қажет болған жағдайда тиісті түймелерді басып бір немесе бірнеше опцияларды орнатыңыз. Дисплейде қажетті индикаторлар жыпылықтап, берілетін ақпарат тиісінше өзгереді.

Таңдау мүмкін **болмаса** дыбыстық сигнал естіледі.

11.6 Бағдарламаны бастау

Бағдарламаны бастау үшін Старт/Пауза ▷‖ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтауын тоқтатып, жанған қалпы тұрады. Бағдарлама басталады, есік бұғатталады. Бейнебетте ⊸▯ индикаторы пайда болады.

Су төгетін түтік құрылғы суға толтырмай тұрып қысқа уақыт жұмыс істейді.

11.7 Кешіктіріп бастау функциясы бар бағдарламаны бастау

1. Дисплейде қажетті кешіктіру уақыты пайда болғанша Отсрочка старта ▷‖ түймесін қайталап басыңыз.

Дисплейдегі индикатор ◷ көрсетеді.

2. Старт/Пауза ▷‖ түймесін түртіңіз. Құрылғы бұғатталып, кешіктіріп бастау функциясының кері санағы басталады.

Бейнебетте ⊸▯ индикаторы пайда болады.
Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты түрде басталады.

Кері санақ басталғаннан кейін кері санақты болдырмау

Кешіктіріп бастау функциясын болдырмау үшін:

1. Дисплейде қажетті кешіктіру уақыты пайда болғанша Отсрочка старта ◷ түймесін қайталап басыңыз. Дисплейдегі индикатор ◷ көрсетеді.

Старт/Пауза ▷‖ түймесін түртіңіз. Құрылғы есікті бұғаттап, кешіктіріп бастау функциясының кері санағы басталады. Бейнебетте ⊶▯ индикаторы пайда болады. Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты түрде басталады.

2. Құрылғыны кідірте үшін Старт/Пауза ▷‖ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды.
3. Отсрочка старта ◷ түймесін дисплейде ▯ көрініп, ◷ индикаторы сөнгенше басыңыз.
4. Бағдарламаны дереу бастау үшін Старт/Пауза ▷‖ түймешігін қайта түртіңіз.

Кері санақ басталғаннан кейін кері санақты өзгерту

Кешіктіріп бастауды өзгерту үшін:

1. Құрылғыны кідірте үшін Старт/Пауза ▷‖ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды.
2. Дисплейде қажетті кешіктіру уақыты пайда болғанша Отсрочка старта ◷ түймесін қайталап басыңыз.
3. Жаңа кері санақты бастау үшін Старт/Пауза ▷‖ түймешігін түртіңіз.

11.8 SensiCare жүйесі салмақты анықтау

Старт/Пауза ▷‖ түймесін басқаннан кейін:

1. SensiCare жүйесі бағдарлама уақытын есептеу үшін кірдің салмағын есептей бастайды. Осы циклдың барысында уақыт сандарының астындағы жолақтар ▬▬▬ жандана бастайды.
2. Шамамен 15-20 минуттан кейін Уақыт басқарушысы жолақтары көрінбей қалады да, жаңа цикл уақыты көрінеді.

Құрылғы кір барынша қысқа уақытта тамаша жуу нәтижесіне жету үшін бағдарлама уақытын автоматты түрде реттейді.

11.9 Бағдарламаны кідірту және параметрлерді өзгерту

Бағдарлама қосулы тұрғанда, **тек кейбір** опцияларды ғана өзгертуге болады:

1. Старт/Пауза ▷‖ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды.
2. Функцияларды өзгертіңіз. Берілген ақпарат дисплейде тиісінше өзгереді.
3. Старт/Пауза ▷‖ түймесін қайта басыңыз.

Жуу бағдарламасы жалғасады.

11.10 Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны болдырмау

1. Бағдарламаны біржола тоқтатып, құрылғыны сөндіру үшін Вкл/Выкл түймесін басыңыз.
2. Құрылғыны қайта іске қосу үшін Вкл/Выкл түймешігін басыңыз.

ⓘ Егер SensiCare жүйесі аяқталып, су толтыру әлдеқашан басталса, жаңа бағдарлама **SensiCare жүйесі** циклын қайталамай іске қосылады. Шығын болмау үшін су мен жуғыш зат төгілмейді.

Біржола тоқтатудың балама тәсілі бар:

1. Таңдау тетігін "Қайта қалп. келт." • қалпына бұраңыз.

2. 1 секунд күтіңіз. Бейнебетте ▬▬▬ көрсетіледі.

Енді жаңа жуу бағдарламасын орнатуға болады.

11.11 Есікті ашу - Киімдерді салу

Егер барабан ішіндегі судың температурасы мен деңгейі өте жоғары болса және/немесе барабан әлі айналып тұрса, есікті ашпауыңыз керек.

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау жұмыс істеп тұрғанда, құрылғының есігі бекітулі тұрады. Дисплейде индикаторы пайда болады.

1. Старт/Пауза түймесін басыңыз. индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Есік бұғаттаулы индикаторы жыпылықтауын тоқтатқанша күтіңіз. Құрылғының есігін ашыңыз. Қажет болса, заттарды қосып салыңыз не алыңыз. Есікті жауып, Старт/Пауза түймесін басыңыз. Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау функциясы жалғасады.

11.12 Бағдарламаның аяқталуы

Бағдарлама аяқталғанда құрылғы автоматты түрде тоқтайды. Дыбыстық сигналдар (егер қосылып тұрса) естіледі. Бейнебетте 0:00 көрсетіледі

Старт/Пауза түймешігінің индикаторы сөнеді.

Есік ағытылып, индикаторы сөнеді.

1. Құрылғыны сөндіру үшін Вкл/Выкл түймешігін басыңыз.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін бес минут өткеннен кейін, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді.

Құрылғыны қайта қосқанда, дисплейде алдыңғы бағдарламаның аяқталуы көрсетіледі. Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.

2. Құрылғыдан кірді алыңыз.
3. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
4. Жағымсыз иіс не зең пайда болмау үшін есікті және жуғыш зат диспенсерін сәл ашыңқырап қойыңыз.
5. Судың шүмегін жабыңыз.

11.13 Цикл аяқталғаннан кейін суды төгу

Егер соңғы шаю циклының суын төкпейтін бағдарламаны немесе опцияны таңдасаңыз, бағдарлама аяқталған, бірақ:

- Уақыт аумағында 0:00 және дисплейде есік құлыптаулы екені көрсетіледі.
- Кір қыжымданып қалмау үшін барабан әлі де уақытылы айналып тұрады.
- Есік құлыпталып тұрады.
- Есікті ашу үшін суды төгу керек:

1. Қажет болса, құрылғы ұсынған айналдыру жылдамдығын азайту үшін Отжим түймесін басыңыз.
2. Старт/Пауза түймесін басыңыз:
   - Егер Шаюды кідірту орнатсаңыз, құрылғы суды төгеді және барабан айналады.
   - Егер Тихо орнатсаңыз, құрылғы суды ғана төгеді.

Опция индикаторы Шаюды кідірту көрінбей кетеді.

3. Бағдарлама аяқталып, есік бұғаттаулы индикаторы сөнгенде, есікті ашуға болады.
4. Құрылғыны сөндіру үшін Вкл/Выкл түймешігін бірнеше секунд басыңыз.

11.14 Күту режимі

Күту режимі функциясы келесі жағдайда пайдаланылатын қуатты азайту үшін құрылғыны автоматты сөндіреді:

- Ешбір бағдарлама жұмыс істемей тұрғанда құрылғыны 5 минут пайдаланбасаңыз. Құрылғыны қайта іске қосу үшін Вкл/Выкл түймесін басыңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін 5 минут өткен соң. Құрылғыны қайта іске қосу үшін Вкл/Выкл түймесін басыңыз. Дисплейде соңғы бағдарламаның соңы көрсетіледі.

Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.

Тетік "Қайта қалп. келт." • қалпына қойылса, құрылғы 30 секундта автоматты түрде сөнеді.

Аяқталған кезде барабан ішінде су қалатын функцияны таңдасаңыз, Күте тұру функциясы суды төгу қажет екенін ескерту үшін құрылғыны **сөндірмейді**.

12. АҚЫЛ-КЕҢЕС

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

12.1 Кір салу

- Кірді былай сұрыптаңыз: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік және жүн мата.
- Кірдің затбелгісіндегі жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ киім мен түрлі-түсті заттарды бірге жумаңыз.
- Кейбір түрлі-түсті заттарды алғаш жуғанда бояуы шығуы мүмкін. Оларды алғашқы бірнеше рет бөлек жууға кеңес береміз.
- Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеулерді байлаңыз.
- Қалталарды босатыңыз және жазыңыз.
- Көп қабатты маталарды, жүн матадан және сурет салынған киімдердің астарын сыртына аударыңыз.
- Қатты дақтарды алдын ала тазалаңыз.
- Қатты дақтарды арнайы жуғыш затпен жуыңыз.
- Перделерді абайлаңыз. Ілгектерін алыңыз да, перделерді кір жуатын торға немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Көмкерілмеген немесе кесілген жерлері бар заттарды құрылғыда жумаңыз.
- Кішкене заттарды жуу үшін (мысалы, сым өткізілген төс тартқыш, белдіктер, колготкилер, т.с.с.) кір жууға арналған торды пайдаланыңыз.
- Кір өте аз салынса, айналдыру циклі кезінде теңгерімді сақтауға қатысты мәселе орын алып, діріл пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда:
  a. бағдарламаны кідіртіп, есікті ашыңыз ("Күнделікті пайдалану" тарауын қараңыз);
  b. кірді барабанға біркелкі тарату үшін қолмен таратып салыңыз;
  c. Старт/Пауза түймесін басыңыз. Айналдыру циклы жалғасады.

12.2 Оңай кетпейтін дақтар

Кейбір дақтарды кетіру үшін су мен жуғыш зат жеткіліксіз болады.

Бұл дақтарды кірді құрылғыға салмай тұрып алдын ала тазалауды ұсынамыз.

Дақ кетіретін арнайы құралдар болады. Дақ пен матаның түріне сай келетін арнайы дақ кетіргішті қолданыңыз.

12.3 Жуғыш заттар және басқа күтім көрсету жолдары

- Кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттар мен үстемелерді ғана қолданыңыз:
  - нәзік матадан басқа матаның барлық түрлеріне арналған ұнтақ жуғыштар. Ақ киімдер мен кірді зарарсыздандыру үшін ағартқышы бар ұнтақ жуғыштарды пайдаланыңыз
  - матаның барлық түрлеріне не тек жүн матаға арналған, төмен температурада жуатын бағдарламаларға (макс. 60 °C) арналған сұйық жуғыш заттар.
- Әр түрлі жуғыш заттарды араластырмаңыз.
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.
- Жуғыш заттар мен басқа үстемелердің орамындағы нұсқауларды орындаңыз және макс. (**MAX**) деңгейінен асырмай пайдаланыңыз.
- Матаның түріне және түсіне, бағдарламаның температурасы мен кірдің ластығына сай келетін жуғыш құралдарды қолданыңыз.

12.4 Қоршаған ортаға қатысты ескерім

- Қалыпты кірлеген кірді алдын ала жуу циклі жоқ бағдарламаны қолданып жуыңыз.
- Жуу бағдарламасын әрқашан кірді ең көп рұқсат етілетін мөлшерде салғаннан кейін бастаңыз.
- Дақты алдын ала тазалағанда не дақ кетіргішті пайдаланғанда, төмен температуралы бағдарламаны орнатыңыз.
- Жуғыш затты дұрыс мөлшерде қолдану үшін, жергілікті су жүйесіндегі судың кермектігін тексеріңіз. "Судың кермектігі" тарауын қараңыз.

12.5 Жест. воды

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинада су жұмсартқышты қолдануды ұсынамыз. Суы тұщы жерлерде су жұмсартқышты қолдану қажет емес.

Жергілікті жердегі судың кермектігін білу үшін жергілікті су жүйесін басқару мекемесіне хабарласыңыз.

Су жұмсартқышты дұрыс мөлшерде пайдаланыңыз. Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.

13. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

ЕСКЕРТУ!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

13.1 Сыртын тазалау

Құрылғыны жұмсақ сабын мен жылы сумен ғана тазалаңыз. Барлық беттерін әбден құрғатыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Спирт, еріткіш немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ
Металл беттерді хлорлы жуғыш заттармен тазаламаңыз.

13.2 Удал. накипи

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинаға арналған қақ тазалайтын құралды қолдануды ұсынамыз.

Қақ бар-жоғын тексеру үшін барабанды уақытылы тексеріңіз.

Әдепкі жуғыш заттардың құрамында суды жұмсартатын заттар болады, бірақ біз қақты тазалайтын құралды пайдаланып, барабан бос тұрған күйде циклды қосуды ұсынамыз.

Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды үнемі орындаңыз.

13.3 Тазалап жуу

Төмен температура бағдарламаларын қайталап не жиі пайдаланғанда жуғыш заттар, қыл-қыбырдың қалдықтары жиналып, барабан және науа ішінде бактерия көбеюі мүмкін. Бұл жағымсыз иіс пен зең пайда болдырады. Осы қалдықтарды жою үшін және құрылғының ішкі бөлігін тазалау үшін превентивті жуу циклын уақытылы (кемінде айына бір рет) қосыңыз.

Барабанды тазалау тарауын қараңыз.

13.4 Қос ернеулі қақпаны бар есік тұмшалағышы

Бұл құрылғы **өздігінен тазалау және су төгу жүйесімен** жабдықталған, бұл киімдерден түскен жеңіл мамықтарды сумен шайып жіберетіндіктен, тұтынушыға бұл аумақты өздігінен жөндеу немесе тазалау қажет болмайды.



Тығыздағышты мезгіл-мезгіл тексеріп, ішіндегі заттардың барлығын алыңыз. Қалтаңызда ұмытылып қалған тиындар, түймелер және басқа кішкене заттар жуу циклы орындалып тұрғанда шұңқырдың тұмшалағышындағы қос ернеулі қақпанға түсіп қалады, бұларды осы жерден цикл соңында алу ыңғайлы.

13.5 Барабанды тазалау

Тат басқан не баспағанын тексеру үшін барабанды уақытылы тексеріңіз.

